

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарманың шешімімен
Хаттама № 1 « 04 » 05

2024 ж.

проф. Н.О. Дулатбеков



«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
Хаттама № 5 « 02 » 06

2024 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Деңгейі: PhD докторантура

Қарағанды қ.
2024

КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ «8D01301 – БАСТАУЫШТА ОҚЫТУ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ»

«КЕЛІСІЛДІ»

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы

Қарағанды облысының білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының басшысы

Г.С. Жунусова

Б.Х. Абдикерова

2024 ж. « 05 » 02

2024 ж. « 12 » 02



«8D01301- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы мына негізде әзірленген:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (01.01.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)
- «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Заңы (01.05.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы) (06.03.2023 ж. өзгерістер мен толықтырулармен)
- Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамалар. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген
- Ұлттық біліктілік шеңбері. 2016 жылғы 16 наурыздағы Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиямен бекітілген.
- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (11.08.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы (16.05.2023 № 218 өзгерістер мен толықтырулармен)
- «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м. а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (07.10.2023 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен)
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығы (01.10.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)
- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығы (03.11.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)

Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

- 1 **Білім беру бағдарламасының коды және атауы:** 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
- 2 **Білім беру саласының, даярлау бағыттарының коды және жіктемесі:** 8D01 Педагогика ғылымдары, 8D013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау
- 3 **Білім беру бағдарламаларының тобы:** 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
- 4 **Кредиттер көлемі:** 180 ECTS
- 5 **Оқыту түрі:** күндізгі
- 6 **Оқыту тілі:** орыс, қазақ
- 7 **Берілетін академиялық дәреже:** «8D01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
- 8 **БББ түрі:** қолданыстағы
- 9 **БХСЖ (білім берудің халықаралық стандартты жіктемесі) бойынша деңгей – 8 деңгей**
- 10 **ҰБШ (ұлттық біліктілік шеңбері) бойынша деңгей – 8 деңгей**
- 11 **СБШ бойынша деңгей (салалық біліктілік шеңбері) – 8 деңгей**
- 12 **БББ айрықша ерекшеліктері:** жоқ
- 13 **Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі:** KZ83LAA00018495 №017 28.07.2020 ж.
- 14 **Аккредиттеу органының атауы және БББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі:** Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттік. БСҚБТА агенттігінің SA-A №0271/3 мамандандырылған аккредиттеу туралы куәлігі (қайта рәсімдеу күні 06.05.2023ж.) әрекет ету мерзімі 06.05.2023 ж. – 05.05.2028 ж.
- 15 **БББ мақсаты:** Кәсіби білім беру стандартына сәйкес оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу, әкімшілік қызметке ынталандырылған, отандық білім беру жүйесі талап ететін білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау
- 16 **Түлектің біліктілік сипаттамасы**
 - а) **Түлек лауазымдарының тізбесі**
 - жетекші маман,
 - ЖОО оқытушысы,
 - ғылыми қызметкер
 - білім беру ұйымының басшысы, басшының орынбасары,
 - бас маман.
 - б) **Түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері**

«8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің кәсіби қызмет саласы болып табылады:

 - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі;
 - ғылыми-зерттеу ұйымдары.

«8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің кәсіби қызметінің объектілері болып табылады:

- жоғары оқу орындары;
- ғылыми-зерттеу институттары мен зертханалар;
- педагогикалық колледждер;
- білім басқармасының департаменттері;
- білім беру жүйесі кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары.

в) Түлектің кәсіби қызмет түрлері

- білім беру;
- басқарушылық;
- зерттеушілік.

г) Түлектің кәсіби қызметтің функциялары:

- **оқыту** – оқу ақпаратын таратады, оқушыларды өз бетінше білім алуға және жаңа білім алу үшін бұрынғы білімдерін жұмылдыруға үйретеді, білім алушылардың лингвистикалық қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып, оқу сабақтарын құрастырады, оқытудың жаңа технологияларын, соның ішінде АКТ және т. б. қолданады; білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне баулиды; ХХІ ғасыр дағдылары бар жеке тұлғаны дамыту үшін коллаборация, шығармашылық, табыс атмосферасын жасайды, жоғары әлеуметтік құндылықтарға, гуманистік педагогика идеяларына бейілділік; жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесіне олардың бірлігінде баулиды; Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып, тәрбие үдерісін құрады; қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне бағдарлайды.

- **басқару** – білім мен ғылымды дамытудың жалпы үрдістері, білім беру ұйымын дамытудың жалпы стратегиялық бағыты контекстіндегі үдерістерді басқарады; басқару мен басшылық етудің негізгі қағидаттары мен стильдерін, сондай-ақ басқарудың тиімділігін арттыру тәсілдерін меңгереді; білім алушының оқу-танымдық және өзіндік қызметін басқару бойынша өз іс-әрекеттерін жобалайды; ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық климаттың жағдайын зерттейді және бағалайды; өзінің эмоционалды жағдайын басқарады, оған конструктивті сипат береді; жаңа техника мен технологияны пайдалану саласындағы соңғы жетістіктер, білім берудегі отандық және шетелдік тәжірибе негізінде басқару, еңбекті басқару мен ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын пайдалану.

- **жобалау** – жобалау және ғылыми зерттеу технологияларын меңгереді; ЖОО мамандықтарының білім беру бағдарламаларын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жобалайды; ғылыми зерттеулер процестерін жоспарлау, үйлестіру және іске асырады; авторлық бағдарламалардың мазмұнын, білім берудің барлық деңгейлерінің білім беру стандарттары базасында интеграцияланған курстарды жобалайды; университеттің миссиясы мен мақсаттарына сәйкес ОӘК пәндерін, авторлық курстарды жобалайды.

- **зерттеушілік** – проблемаларды анықтайды, гипотезаларды тұжырымдайды, психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізеді, зерттеу нәтижелерін кәсіби қызметке енгізеді; жаһандану және ақпараттандыру жағдайларында қоғам мен білім беру дамуының жаңа парадигмасын ұғыну, білім беру мазмұнының жаңартылуын ескере отырып, білім беру процесі субъектілерінің педагогикалық өзара іс-қимылын жүзеге асырудың жаңа тәсілдері мен әдістерін әзірлеу қажеттілігін ұғыну; білім беру жүйесіндегі проблемаларды көру, гипоте-

заны тұжырымдау, фактілерді талдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, өз тұжырымдары мен жалпылауларын дәлелдеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізу, оқу-тәрбие процесін жетілдіру үшін практикалық ұсынымдар әзірлеу.

17 Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік типі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Soft skills)	ОН 1	Ғылыми құжаттарды (ғылыми баяндамалар, рефератталатын журналдардағы мақалалар, есептер, шолулар, рефераттар, аннотациялар), библиография мен сілтемелер жасау және рәсімдеу тәсілдерін, іскерлік қарым қатынас, кәсіби және корпоративтік этика саласындағы электрондық дерекқорлармен жұмыс істеу дағдыларын меңгерген.
	ОН 2	Жоғары мектепте оқу үдерісін ұйымдастырудың оңтайлы және тиімді түрлерін тандайды. Даулы жағдайларда оқытудың тиімділігі мен сапасын арттырудың психологиялық әдістері мен құралдарымен жұмыс істейді.
2. Кәсіби құзыреттіліктер: (Hard skills)	ОН 3	Педагогиканың заманауи әдіснамасын біледі және жоғары мектепте оқытудың озық технологияларын қолданады.
	ОН 4	Кәсіби ортада тиімді қарым-қатынас әдістерін қолданады, іскерлік этика аясында пікірталас жүргізеді.
	ОН 5	Өзара іс-қимылдың түрлері мен нысандарын, олардың табиғаттағы, қоғамдағы және адам санасындағы орны мен ролін анықтайды.
	ОН 6	Әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімге заманауи тәсілдер мен олардың өлшеулігі туралы білімдерін көрсетеді; жоғары мектепте оқыту процесінің қозғаушы күші мен принциптерін анықтайды; жоғары мектептегі заманауи дидактикалық тұжырымдамалардың ерекшеліктерін анықтайды.
	ОН 7	Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесін меңгерген, зерттеу мәселесін айқындайды, эксперименттік деректерді ұйымдастырады, жүргізеді, түсіндіруді жүзеге асырады; ғылыми зерттеулердің нәтижелерін бағалайды және практикалық іс-әрекетке енгізеді.
	ОН 8	мұғалімнің кәсіби ойлау түрін анықтайтын ғылыми теориялардың мәні мен функцияларын талдайды; педагогикалық ойлаудың қалыптасуына әсер ететін педагогикалық білім жүйесінің логикалық құрылымын зерттейді.

18 Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модульдің атауы	Пәндердің атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 1 ОН 5 ОН 2 ОН 7	Зерттеудің әдіснамалық негіздері	Академиялық хат (ағылшын тілінде)	5
ОН 4		Ғылыми зерттеу әдістері	5
ОН 1 ОН 3 ОН 6 ОН 8	Мұғалімнің жеке басын қалыптастыру теориясы мен тәжірибесі	Кәсіби этика	5
ОН 1 ОН 6 ОН 7 ОН 8		Педагогикалық практика	10
ОН 3 ОН 6	Педагогика әдіснамасы: тарих және қазіргі заман	Зерттеу практикасы	10
ОН 6 ОН 8		Педагогиканың философиясы және әдіснамасы Қазіргі білім берудің философиялық-әдіснамалық негіздері	5
ОН 1 ОН 2 ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН 8	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Заманауи қоғамдағы мәдениет және рухани құндылықтар Педагогикалық ойлау: теория және практика	5
		Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	123
	Қорытынды аттестаттау	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	12
	Барлығы		180

19 Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN p/c	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)							
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8
Жалпы модульдер ЖОО компоненті											
D1	Академиялық хат (ағылшын тілінде)	Пән аналитикалық ғылыми-зерттеу және мәтіндік қызметпен байланысты құзыреттерді; аналитикалық-синтетикалық, сыни және прагматикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Пәнді оқу барысында ғылыми мәтіндерді жазудың түрлері, әдістемесі мен этикалық принциптері, ғылыми мәтінді құру және оны жариялауға дайындау принциптері, библиографиялық тізімді рәсімдеу, ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасаудың негізгі ережелері, аннотация түрлері және оларды құрастыру ерекшеліктері, ғылыми мәтінді рецензиялау қарастырылады.	5	+				+			
D2	Ғылыми зерттеу әдістері	Пән докторанттарда дербес ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру; диссертациялық зерттеуде қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін ғылыми зерттеу әдістерін қолдану; өзінің диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша эмпирикалық деректерді өңдеу әдістерін қолдану мақсатында зерделенеді.	5		+					+	
D3	Педагогикалық практика	Жоғары білім беру ұйымдарында оқу процесін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа ала білу; өз қызметін және білім алушылардың қызметін ұтымды жоспарлау және ұйымдастыру; оқытудың қойылған мақсаттарына қол жеткізу үшін оңтайлы әдістер мен әдістемелерді таңдау; жоғары оқу орны оқытушыларының педагогикалық қызметін талдау; кәсіптік оқыту процесінде заманауи технологияларды пайдалану.	10	+		+			+	+	
Таңдау бойынша компонент											
D4	Педагогиканың философиясы және әдіснамасы	Пән әдістемелік білім жүйесінде педагогика әдіснамасы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Педагогтің әдістемелік мәдениетін, педагогика әдіснамасының жалпы ғылыми деңгейін қарастырады. Педагогиканың гуманистік әдіснамасы туралы білімі қалыптасады. "Педагогикалық құндылықтар" ұғымы және олардың жіктелуі қарастырылады.	5			+			+		
	Қазіргі білім берудің философиялық-әдіснамалық негіздері	"Заманауи білім берудің философиялық-әдіснамалық негіздері" Ғылым және оның мәдениеттегі орны, философиялық мәселелер мен заманауи жаратылыстану парадигмалары, ғылыми танымның шекаралары мен мүмкіндіктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің философиялық-әдіснамалық мәселелері, Жалпы қазіргі ғылымның және қазіргі қазақстандық білімнің өзекті мәселелері қарастырылады.									
Мамандық бойынша модульдер ЖОО компоненті											
D5	Кәсіби этика	Тиімді қарым-қатынас техникасы мен кәсіби қызмет, тұлғааралық қарым-қатынас процесінде өзін-өзі реттеу әдістері туралы түсінік қалыптастыру	5				+				

NN p/c	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)								
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	
		мақсатында зерттеледі. Кәсіби этика және этикет, іскерлік этикеті туралы білім қалыптасады. Іскерлік кездесулер этикетінің этномәдени ерекшеліктері, маманның кәсіби қарым-қатынастың әртүрлі субъектілерімен қарым-қатынас этикетінің ерекшеліктері қарастырылады.										
D6	Зерттеу практикасы	Ғылыми бағыттағы докторанттардың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен, диссертациялық зерттеудегі эксперименттік деректерді өңдеу және түсіндірумен танысу мақсатында диссертацияны орындау орны бойынша жүргізіледі. Зерттеу практикасының мазмұны докторанттың диссертациялық зерттеу тақырыбымен анықталады.	10	+					+	+	+	
Таңдау бойынша компонент												
D7	Заманауи қоғамдағы мәдениет және рухани құндылықтар	Пән әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші ретінде мәдениет туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Этникалық мәдениет, мәдениет пен қоғамның дамуы, қоғамның мәдениетін игеру және түсіну қарастырылады. "Өркениетті адам", "рухани құндылықтар", "адами құндылықтар", "жалпыадамзаттық құндылықтар", "тәрбие құндылықтары" ұғымдары туралы түсінік беріледі.	5						+		+	
	Педагогикалық ойлау: теория және практика	Пән білім алушылардың педагогикалық ғылым мен практиканың педагогикалық ойлау саласындағы заманауи жетістіктерін зерттеуге танымдық қызығушылығын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Педагогикалық ойлаудың құрылымы, «педагогикалық ойлау» ұғымының мәні, білім алушылардың педагогикалық ойлауын қалыптастыруға педагогикалық білімнің жүйелі әсері туралы сұрақтар қарастырылады.										
Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы												
D8	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Докторантурадағы ғылыми-зерттеу жұмысы (ДФЗЖ) қазіргі заманғы ғылымның өзекті бағыттары саласындағы кәсіби, зерттеу құзыретін, теориялық және қолданбалы білімді қалыптастыруға бағытталған. Оқу процесіне енгізілетін ғылыми-зерттеу жұмысы оқу тапсырмаларын, оның ішінде практика кезеңінде, курстық жұмыстар мен диссертацияларды толтыру кезінде орындауды көздейді. ДФЗЖ шеңберінде ғылыми проблемалардың жай-күйіне талдау жасау, ғылыми сараптамалар жүргізу.	123	+	+			+	+	+	+	

20 Модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу

Оқыту нәтижелері	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН1	Ғылыми құжаттарды (ғылыми баяндамалар, рефератталатын журналдардағы мақалалар, есептер, шолулар, рефераттар, аннотациялар), библиография мен сілтемелер жасау және рәсімдеу тәсілдерін, іскерлік қарым қатынас, кәсіби және корпоративтік этика саласындағы электрондық дерекқорлармен жұмыс істеу дағдыларын меңгерген	кейс-стади әдісі	кейсті әзірлеу мақала жазу
ОН2	Жоғары мектепте оқу үдерісін ұйымдастырудың оңтайлы және тиімді түрлерін тандайды. Даулы жағдайларда оқытудың тиімділігі мен сапасын арттырудың психологиялық әдістері мен құралдарымен жұмыс істейді.	коммуникативтік тренинг	жағдайды талдау
ОН 3	Педагогиканың заманауи әдіснамасын біледі және жоғары мектепте оқытудың озық технологияларын қолданады.	іскерлік ойын пікірталас	ойынға қатысушылардың рефлексиясы
ОН 4	Кәсіби ортада тиімді қарым-қатынас әдістерін қолданады, іскерлік этика аясында пікірталас жүргізеді.	эвристикалық сұрақтар әдісі	эссе жазу
ОН 5	Өзара іс-қимылдың түрлері мен нысандарын, олардың табиғаттағы, қоғамдағы және адам санасындағы орны мен рөлін анықтайды.	белсенді семинар	коллоквиум
ОН 6	Әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімге заманауи тәсілдер мен олардың өлшеулігі туралы білімдерін көрсетеді; жоғары мектепте оқыту процесінің қозғаушы күші мен принциптерін анықтайды; жоғары мектептегі заманауи дидактикалық тұжырымдамалардың ерекшеліктерін анықтайды..	«иә-қарсы» дауыс беру әдісі	Шығармашылық тапсырма презентациясы
ОН 7	Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесін меңгерген, зерттеу мәселесін айқындайды, эксперименттік деректерді ұйымдастырады, жүргізеді, түсіндіруді жүзеге асырады; ғылыми зерттеулердің нәтижелерін бағалайды және практикалық іс-әрекетке енгізеді.	жобалау оқыту	жобаны дайындау баяндама (көпшілік алдында сөз сөйлеу)
ОН 8	мұғалімнің кәсіби ойлау түрін анықтайтын ғылыми теориялардың мәні мен функцияларын талдайды; педагогикалық ойлаудың қалыптасуына әсер ететін педагогикалық білім жүйесінің логикалық құрылымын зерттейді.	зерттеу әдісі	конспект

21 Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

Оқыту нәтижелері	Критерийлер
ОН1	<p>Біледі: Академиялық және ғылыми ақпаратты ұсынудың негізгі түсініктерін, теорияларын, тұжырымдамалары мен принциптерін біледі, оларды іске асырудың тетіктерін.</p> <p>Істей алады: Библиографиялық жазбаларды құрастыра алады, қате библиографиялық жазбалардағы қателерді түзете алады, библиографиялық жазбаны бір жүйеден екінші жүйеге аудару.</p> <p>Меңгерген: Академиялық жазудың түрлі жанрларын, мәтінді редакциялау дағдыларын меңгерген, библиографиялық жазбаны құрастыру.</p>
ОН2	<p>Біледі: Жоғары мектепте оқу процесін ұйымдастырудың тиімді және тиімді түрлерін.</p> <p>Істей алады: мақсатқа жету үшін қажетті бағытта әлеуметтік-психологиялық климатқа әсер ету, қызмет нәтижелерінің сапасын бағалау.</p>
ОН3	<p>Біледі: кәсіби қызметтің ерекшеліктері оның қоғамдағы рөлін.</p> <p>Істей алады: білім беру ортасын ұйымдастыруда кәсіби қызметтің мүмкіндіктерін анықтау және пайдалану.</p> <p>Меңгерген: білім беру ортасының мүмкіндіктерін анықтау және пайдалану әдістері мен тәсілдерін.</p>
ОН4	<p>Біледі: болашақ мамандарды кәсіби қызметке психологиялық-педагогикалық даярлау әдістемесі мен әдістемесінің негізгі ережелері, "Жоғары мектептегі білім мазмұны" ұғымының мәні.</p> <p>Істей алады: болашақ мамандарды даярлау сапасына қойылатын талаптарды анықтайтын факторларды талдау.</p> <p>Меңгерген: білім беру саласындағы заманауи зерттеу әдістерін; ғылыми ақпаратты сыни талдау және ой елегінен өткізу тәсілдерін.</p>
ОН5	<p>Біледі: кәсіби этиканың мәнін, мазмұнын, заңдылықтарын, принциптерін, функцияларын, "мораль" және "адамгершілік" ұғымдарының арақатынасын.</p> <p>Істей алады: педагогикалық қызметті жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру барысында алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдануды.</p> <p>Меңгерген: педагогикалық құбылыстарды тарихи көзқарас тұрғысынан зерттеу дағдысы.</p>
ОН6	<p>Біледі: социогуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімге заманауи тәсілдерді; әдіснамалық білім жүйесіндегі педагогика әдіснамасының құрылымы мен мазмұнын.</p> <p>Істей алады: жоғары мектепте оқу үрдісінің қозғаушы күші мен принциптерін анықтау.</p> <p>Меңгерген: өзінің ғылыми әлеуетін жетілдіру және дамыту дағдылары</p>
ОН7	<p>Біледі: философиялық талдаудағы ғылымның дамуының теориялық алғышарттары, ғылыми, ғылыми және ғылыми емес танымға дейінгі формалар мен әдістер.</p> <p>Істей алады: ғылыми-зерттеу қызметінде туындайтын және тереңдетілген ғылыми-педагогикалық білімді талап ететін зерттеу міндеттерін тұжырымдау және шешу.</p> <p>Меңгерген: ғылыми зерттеу әдістері мен тәсілдерін.</p>
ОН8	<p>Біледі: кәсіби ойлауын қалыптастыруға негіз болатын ғылыми теориялардың мәні мен функцияларын.</p> <p>Істей алады: әртүрлі педагогикалық теорияларды талдау және бағалау, педагогика саласындағы әртүрлі тәсілдер мен тұжырымдамаларды сыни тұрғыдан бағалау, сондай-ақ өзінің педагогикалық ойлауы мен практикасын өзіндік талдау мүмкіндігі.</p> <p>Меңгерген: ғылыми теорияларға негізделген оқыту тәсілдері мен әдістерді. Әр түрлі білім беру стратегияларын тиімді қолданады, оларды білімалушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне бейімдейді.</p>

22 Докторантура түлегінің атрибуттары

Өз оқыту саласындағы терең кәсіби білім.

Білім және ғылым саласындағы трендтерді игеруге деген қызығушылық.

Кәсіби қоғамдастықта ынтымақтастық қабілеті.

Кәсіби және жеке даму мүмкіндіктерін іздеудегі өзіндік әрекет ету.

Ортақ тіл табысу.

Төзімділік пен тәрбие.

Академиялық адалдық.

Қазақстанның Мемлекеттік міндеттері мен стратегияларын шешуге қатысуға дайын болу.

Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі

Құзыреттіліктердің түрлері	Құзыреттіліктердің сипаты
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Soft skills)	Оқытылатын пән бойынша теорияларды, тұжырымдамаларды және бағыттарды сыни бағалайды және бағдарлайды, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін белсенді пайдаланады; стандартты емес жағдайда күрделі мәселелерді өз бетінше және шығармашылықпен шеше алады және оларды шешудің тиімді, креативті тәсілдерін таба алады. Жаңа және күрделі идеяларды сын тұрғысынан талдайды, бағалайды және салыстырады; өз бетінше де, коллекцияда да (командада) жұмыс істей алады.
2. Кәсіби құзыреттер (Hard skills)	Білім беруді ұйымдастыруда педагогикалық процестің сапасын қамтамасыз ету үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды еркін қолданады. Өзінің кәсіби өсуі мен тұлғалық дамуының траекториясын кеңейте отырып, желілік педагогикалық қоғамдастықтарда кәсіби мәселелерді көрсетеді. Ғылыми терминологияны қолдану (оның ішінде шет тілінде), стилистикалық сауатты, сұрақтарға жауапты логикалық дұрыс баяндау. Ғылыми таным, ғылыми жазу және ғылыми коммуникация әдіснамасын талдау; тиісті саладағы әлемдік және қазақстандық ғылымның жетістіктерін түсіну. Заманауи теориялар мен талдау әдістері негізінде академиялық тұтастықпен сипатталатын дербес ғылыми зерттеу жүргізеді. Зерттеу мәселелері шеңберінде практикаға бағытталған зерттеу жұмысын жүргізеді. Өзінің одан әрі кәсіби дамуын жоспарлайды және болжайды.


Өзірлеушілер:


Жұмыс тобының мүшелері:


БОПМӨ кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к, қауым. профессор

БОПМӨ кафедрасының қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к.

8D01301-БОПМӨ білім беру бағдарламасының 3-курс докторанты







С.А.Одинцова

А.О. Мухаметжанова

К.Б. Копбалина

Білім беру бағдарламасы факультет кеңесінде қаралды 28.02.2024 хаттама № 7

Білім беру бағдарламасы Академиялық кеңес отырысында қаралды 29.04.2024 хаттама № 5

Білім беру бағдарламасы университет басқармасының отырысында қаралып, бекітілді 24.05.2024 хаттама № 8

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Академиялық жұмыс департаментінің директоры

Педагогикалық факультет деканы







М.М. Умуркулова

Т.М. Хасенова

С.А. Муликова

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ
8D01301 – БАСТАУЫШТА ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

Мақсатты индикаторлар

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2024-2025	2025-2026	2026-2027	2027-2028
1	Қадрлық потенциалды дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны			1	
1.2	Оқыту бейні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	1	2	1	1
1.3	Қонақ дәрістері шеңберінде шетелдік ғалымдарды оқытуға тарту	Адам саны	1	1		1
2	Рейтингтердегі БББ жылжыту					
2.1	НААР	Позициясы				
3.	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу					
3.1	Оқу құралдары	Саны		1		1
3.2	Монографиялар	Саны	1			1
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны		1		
3.4	Электронды оқулық	Саны		1		1
4.	БББ мазмұнын өзектендіру					
4.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту	Жыл			+	
4.2	Оқығудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл	+	+	+	+

БОПмӘ кафедрасының меңгерушісі



С.А.Одинцова